



КОАЛИЦИЯ
ПРОТИВ ПЫТОК

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ: КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ?



Азаптауға қарсы Қазақстан БҰҰ
коалициясының есебі. Маусым 2015.





Бұл құжат «Қазақстандағы және Тәжікстандағы азаптаудан бостандық алу қызметі» жобасының шектерінде Еуропалық Одақтың және «Ашық қоғам» Қорларының қаржылық қолдауымен дайындалды. Осы құжаттың мазмұны үшін тек оның авторы – Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы жауап береді, ал құжаттың өзі ешбір жағдайда Еуропалық Одақтың және «Ашық қоғам» Қорларының позициясын көрсететін құжат ретінде түсіндіріле алмайды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ: КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ?

АЗАПТАУҒА ҚАРСЫ ҚАЗАҚСТАН БҰҰ КОАЛИЦИЯСЫНЫҢ ЕСЕБІ. МАУСЫМ 2015.

Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы («Коалиция») – бұл азаптауды болдырмау және онымен күресу мақсатымен бірлескен Қазақстан Республикасының үкіметтік емес қоғамдық ұйымдары мен олардың жақтастарының еркін альянсы. Коалицияның жұмысы мәлімдемелер немесе үндеулер құрастырып, өкілетті мемлекеттік органдарға бағыттау түрінде азаптау туралы хабарларға келісілген жауап қайтарудан; баяндамалар құрастырып, адам құқықтарын қорғайтын халықаралық органдарға бағыттаудан; азаптауды қолдану оқиғаларына, азаптау мәселесіне қатысы бар қабылданып жатқан немесе әрекеттегі заңнамаға, мемлекеттік немесе әкімшіліктік бағдарламаларға, шешімдерге, әрекеттерге немесе әрекетсіздікке, сондай-ақ, өзге жағдайларға қатысты келісілген ұстанымды білдіруден тұрады.

БҰҰ Азаптауларға қарсы конвенциясы 1-Бап

«Азаптау» қандай да бір адамға одан немесе үшінші адамнан мәлімет немесе мойындау алу, ол немесе үшінші адам жасаған немесе жасағанына сезік келтірілген әрекетіне оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды қорқыту немесе мәжбүрлеу үшін дене немесе адамгершілік қатты зақымдары немесе азап шегуі қасақана жасалатын немесе кез-келген сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез-келген себеп бойынша мұндай зақымды немесе азап шегуді мемлекеттік лауазымды тұлғамен немесе ресми түрдегі басқа да адаммен немесе олардың азғырушылығы немесе олардың келісімімен немесе үнсіз келісу бойынша келтірілетін кез-келген іс-әрекетті білдіреді.

Коалиция 2007 жылдан бастап әрекет етеді және 2015 жылға қарай оның құрамына тәуелсіз сарапшыларды қоса алғанда 35 қатысушы кіреді.

Коалицияны құрудың бастамашысы және құрылған мезетінен бергі үйлестірушісі – Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан Халықаралық бюросы (АҚҚХБ). Коалицияның қызметі АҚҚХБ, Польшалық Хельсинки Қорымен әріптестікте Еуропалық Одақ жобасының және Адам құқықтары үшін халықаралық әріптестіктің қолдауымен Коалиция қатысушыларымен тегін жүргізіледі. Коалицияға қоғамдық қолдауды «Ашық қоғам» қорының Ашық қоғамның құқықтық бастамасы, Фридом Хаус, Амнести Интернешнл, Хьюман Райтс Уотч, Сорос-Қазақстан Қоры, Норвегиялық Хельсинки Комитеті және басқалар көрсетеді.

Коалицияға мүше ұйымдардың қызметкерлері Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) белсенді қатысушылары болып және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады. 2015 жылға қарай ҰАТ-ң әрекет етуші 112 қатысушысының 41-і Коалицияға мүше ұйымдардың қызметкерлері болып табылады немесе Коалицияның құрамында жеке сипатта кіреді. ҰАТ Үйлестіру кеңесінің 19 мүшесінің 10-ы – Коалиция мүшелері.

Коалицияға мүше ұйымдардың қызметкерлері Ішкі істер министрлігінің және Бас прокуратураның жанындағы Қоғамдық кеңестерге, ҚР СІМ жанындағы «Адами өлшем жөніндегі диалог алаңы» сабағаттық-кеңесші органға, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің жанындағы Азаптаулар және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлері туралы фактілерді қарау жөніндегі жұмыс тобына қатысады.

2015 жылғы маусымға қарай Коалиция тарапынан БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетіне және БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне азаптаулар, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау туралы бар-жоғы 8 жеке хабар жіберіліп, олар Комитеттердің тарапынан қаралды. Олардың ішінде 6 іс бойынша БҰҰ

Қазақстанды азаптауларға жол бермеу немесе оларды қолданбау туралы міндеттемені бұзған деп таныды. Қазіргі кезге дейін Қазақстан тарапынан осы 6 шешімнің 2-і ішінара орындалған (Герасимов, Байрамов). Басқа 2 шешімдегі өтінішкерлер БҰҰ-ң қазақстандық билік орындарына жасаған арыздарына керісінше, өз елдеріндегі азаптау қаупіне қарамастан Қазақстаннан тыс шығарып жіберілген.

Қазіргі уақытта БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінде және БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінде Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы жіберген Қазақстанға қатысты 6 шағым қарастырылып жатыр.

2014 жылы Коалиция БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетіне оның Женевада өтетін 53-ші сессиясында қарастыру үшін Қазақстанның Азаптауларға қарсы конвенцияны орындауы

жөніндегі өзінің баяндамасын және Әмбебап мерзімді шолудың (ӘМШ) 2-ші раунды шеңберінде БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесіне азаптаулардан азат болу құқығын қоса Қазақстандағы адам құқықтары жағдайының шолуын қамтитын баяндамасын тапсырды.

2014 жылы Қазақстан Республикасының үкіметтік баяндамасын тыңдаудың нәтижелері бойынша БҰҰ Азаптауларға қарсы комитеті Қазақстанға 80-ге жуық егжей-тегжейлі ұсыныс берді. 2014 жылы Әмбебап мерзімді шолудың (ӘМШ) шеңберінде БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Жұмыс тобы тарапынан Қазақстанға ұсынылған және Қазақстан орындауға қабылдаған 19 ұсыныстың 7-і азаптаулармен күреске бағытталған.

2012 ж. мамырында Қазақстан азаматы **АЛЕКСАНДР ГЕРАСИМОВТЫҢ** ісі бойынша Қазақстанға қатысты шығарылған және Қазақстанды Герасимовтің шағымдарын тиісті түрде тергеуге және оған өтемақы төлеуге міндеттеген БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің шешімінен кейін, 2013 ж. қараша айында Қостанай Қалалық соты жергілікті полицияны Александр Герасимовке азаптаулар үшін моральдық өтемақы ретінде 2 миллион теңге төлеуге міндеттеді. Осы және **РАСИМ БАЙРАМОВТЫҢ** ісі бойынша БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің шешімі Қазақстан үшін жақсы нышан: олар адам құқықтарына берілгендікті және өзіне алған халықаралық міндеттемелерді орындауға деген айнамастықты көрсетеді.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

ҚР Қылмыстық кодексі
146-Бап. Азаптаулар

1. Тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен басқа адамның азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу мақсатымен немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай: 1) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 2) бірнеше рет; 3) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіре отырып; 4) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соққан дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Лауазымды адамдардың заңды әрекеттері нәтижесінде келтірілген тән зардабы мен психикалық зардап азаптау деп танылмайды.

2015 жылдың басынан бері Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясына азаптаулар, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау туралы хабармен шамамен 80 азамат жүгінді.

ҚР Бас прокуратурасының мәліметі бойынша, 2015 жылғы қаңтар айынан сәуір айына дейін Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде қылмыстық жазаланатын әрекет ретіндегі азаптау туралы 117 арыз бен жауап беруге мәжбүрлеу туралы 1 арыз тіркелген. Осы кезеңнің ішінде 5 лауазымды тұлға кінәлі болып танылып, олардың 1-і бас бостандығынан айыруға (2 жыл), 1-і – бас бостандығының шектелуіне және 3-і – шартты жазалауға кесілді. Сондай-ақ, 2015 жылғы қаңтар айынан сәуір айына дейін тергеу органдарымен оқиғаның немесе құқық бұзушылық нышандары құрамының немесе жәбірленуші арызының жоқтығы себепті азаптаулар туралы 144 іс пен жауап беруге мәжбүрлеу туралы 4 іс тоқтатылды.



Коалицияның пікірінше, Қазақстанда азаптауларға қарсы күрес ісіндегі негізгі ПРОБЛЕМАЛАР келесідей:

Қазақстанда азаптауларды тергеп-тексеру қағидаларының халықаралық стандарттарға, атап айтқанда, жеделдік, мұқияттылық, тәуелсіздік стандарттарына сәйкес еместігі.

Азаптаулар туралы істер бойынша жәбірленушілер мен куәларды қорғау тетіктерін жүзеге асыру үшін практикалық мүмкіндіктердің жоқтығы. Осылайша, бас бостандығынан айыру жерлерінде жазаларын өтеп жатқан азаптау туралы арыз берушілерді ІІМ-ң жазаларды жүзеге асыру жүйесіне бағынбайтын мекемелерге ауыстыру көзделмеген.

Соттық медициналық сарапшылардың, әсіресе, психологиялық-психиатриялық сараптама саласындағы мамандардың азаптаулар туралы істердегі жәбірленушілерді тексеру мен олар бойынша қорытынды құрастыру тұрғысынан дайындықтарының жоқтығы.

Әсіресе, бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектеулі тұлғалар үшін, оның ішінде, мәжбүрлі емдеуге арналған ұйымдардың, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелер мен үй-жайлардың (арнаулы қабылдау орындары, қабылдау-бөлу орындары) пациенттері үшін азаптаулар туралы хабарларды (шағымдарды, арыздарды) берудің қолжетімді әрі қауіпсіз арналарының жоқтығы.

Сот алдымен кінәлілерді анықтамайынша азаптаулар үшін моральдық залалдың өтемақысын алу мүмкінсіздігі.

Қылмыстық процестің қатысушылары болып табылмайтын тұлғалар (мысалы, емдеу ұйымдарына мәжбүрлі орналастыруға жатқызылатын тұлғалар; әкімшіліктік ұстауға және тұтқындауға жатқызылған тұлғалар; жабық тұрпаттағы арнаулы білім беру мекемелеріне орналастырылатын кәмелетке толмағандар; және өзгелер) үшін олар іс жүзінде ұсталған және қамауға алынған мезетте азаптаудан қорғау кепілдіктерінің жоқтығы.

Қылмыстық сот әділдігі жүйесінің, соттардың, жазаларды орындау жүйесі қызметкерлерінің күдіктілердің, айыпталушылардың, күдіктілердің, жаза кесілгендердің азаптаулар туралы хабарларына сенім білдіруге тұрмайтындай қарауы.

Осының барлығы ресми Қазақстан мәлімдеген азаптауға абсолютті төзбеушілік қағидасына зиян келтіреді.

Жабық мекемелердегі жағдай

2013 жылы Қазақстанда Ұлттық алдын алу тетігі («ҰАТ») туралы заң қабылданды. 2014 ж. ақпан айынан бастап қабылданған заңға сәйкес ҰАТ шеңберінде бірқатар жабық үлгідегі мекемелерде азаптаудың, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында азаматтық мониторинг басталды. ҰАТ қызметі туралы бірінші баяндама 2015 ж. мамырында жарық көрді. Баяндамада 2014 жылы ҰАТ тарапынан алдын алушы, яғни, профилактикалық болулардан бөлек, орын алғалы тұрған немесе орын алған азаптаулар немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттер туралы хабарлар бойынша, олардың 12-сі – ІІМ қылмыстық-атқару жүйесінен келіп түскен хабарлар бойынша 14 арнаулы болу жасалғандығы көрсетіледі. Нәтижесінде ҰАТ арнаулы

¹ http://www.ombudsman.kz/upload/file/kons_doklad_ru.pdf

болуларының нәтижелері бойынша 4 қылмыстық іс қозғалып, олардың 3-і кейінірек қылмыс оқиғасының немесе фактісінің, немесе күдіктінің әрекеттерінде қылмыстық нышандар құрамының анықталмағаны себепті тоқтатылды. Мұнда, тоқтатылған істердің 1-і бойынша (Алексей Ушениннің ісі) Коалицияға мүше ұйым – Батыс Қазақстандағы АҚҚХБ филиалының – БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетіне дәл сол Ушениннің азаптаулар туралы хабарларының тиісті түрде тергеп-тексерілмеуіне байланысты шағым жібергенін атап өткен жөн.

2014 ж. ҰАТ қызметі туралы ресми баяндамаға сәйкес, ҰАТ мандатының қарамағындағы мекемелердегі азаптаудың, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттердің алдын алу тұрғысынан анықталған негізгі проблемалар – бұл «қанағаттанарлықсыз санитарлық-гигиеналық жағдайлар, қажетті дәрі-дәрмектердің жоқтығы және тамақтануды қамтамасыз етудегі кемшіліктер», бұлар, баяндамада түсіндірілгендей, «ғимараттар мен құрылыстарда ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігімен, жаңаларын салумен» және «мемлекеттік органдар тарапынан бақылау мен қадағалаумен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеуімен байланысты».

Сонымен қатар, баяндамада бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген тұлғалардың жағдайына байланысты едәуір алаңдататын ахуал бар екендігі атап өтілген, алайда, ол баяндаманың қорытындыларында көрініс таппаған. Осылайша, ҰАТ баяндамасында көрсетілген келесі фактілер азаптаудың, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттердің алдын алу тұрғысынан Коалицияның үлкен алаңдаушылығын туғызады:

- бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген тұлғалардың заңды құқықтар мен мүдделер туралы ақпаратқа қол жеткізе алмауы немесе жеткіліксіз қол жеткізуі, сондай-ақ, шағымдарды берудің тиімді арналарының жоқтығы;
- «ҚР ІІМ ҚАЖК барлық мекемелерінде дерлік әкімшілікпен ниеттестігі қағидасы бойынша кемсітушіліктің бар болуы», мұнда пенитенциарлық мекемелерде тәртіпті сақтау үшін әкімшіліктің бір сотталғандардың басқаларын жәбірлеуіне ынталандырып демесек те, мейірбандықпен қарайды;
- ІІМ ҚАЖК мекемелерінде «этап қабылдау процедурасының ықтиярлы сипаты», мұнда жаңадан келіп түскен сотталғандар қажеттілік пен үйлесімділік қағидаларының барлығын бұза отырып, ар-намысты қорлайтын, қатігез іс-әрекеттерге душар болады, атап айтқанда: ұзақ уақыт бойы (13-15 сағат) шынтақтары бүгулі, қолдары бастарына тақай жоғары көтерілген қалпында жүресінен отыруға мәжбүрленеді; табиғи зәрулікті жіберуге тыйым салынады; резеңке таяқтармен соққыға алынады; «унитаздарды жалаңаштанып жууға» мәжбүрленеді ж» т.с.с.;
- «медициналық қызметкерлердің медициналық көмекті уақтылы көрсетпеуі және дене жарақаттарын уақтылы тіркемеуі», оның ішінде «медициналық қызметкерлердің өз міндеттеріне немқұрайды қарауы», сондай-ақ, «дене жарақаттарын анықтау, қарау, тіркеу тетігінің жоқтығы»;
- «ҚР ІІМ ҚАЖК мекемелерінің өскен «милитарландыруы»;
- «мекеме қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне шағымданған тұлғалардың қуғын-сүргінге ұшырауы»;
- Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің мәжбүрлі емдеу ұйымдарында «науқастардың сыртқы дүниемен тұрақты байланысының болмауы».

Азаптау оқиғаларын немесе оларды жасауға жәрдемдесетін жағдайларды анықтауды жақсарту үшін Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы институционалдық мекемелерде ҰАТ мандатының қарамағына кіретін мекемелердің тізімін БҰҰ Азаптауларға қарсы конвенциясына Факультативтік хаттаманың «Қамауда ұстау орындары» анықтамасына сәйкес кеңейтуді және ҰАТ қызметінің жариялылығын арттыруды көздеуді ҰСЫНАДЫ.

АЗАПТАУЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАРДЫ ТЕРГЕУ

2014 ж. қарашада Қазақстан БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетіне Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жаза-лау түрлеріне қарсы БҰҰ конвенциясы бойынша міндеттемелерді орындау туралы 3-ші мерзімді баяндамасын ұсынды. Ең басты ұсынымдардың бірі ретінде БҰҰ комитеті тиімді жұмыс істейтін, қажетті қорлары бар, тәуелсіз әрі есеп беретін, азаптаулар туралы арыздар бойынша уақтылы, бейтарап, мұқият әрі тиімді тергеу жүргізе алатын органды құру қажеттілігін белгіледі.

2014 ж. Коалиция өткізген зерттеу² азаптаулар туралы хабарлар бойынша қылмыстық істер өте сирек қозғалатынын растады. Зерттеу барысында Коалиция зерттеген 20 істің тек 4-і бойынша ғана қылмыстық іс қозғалып, 2 жағдайда жәбірленушілер арыз берілген мезетте бостандықта болса, 1 жәбірленуші қайтыс болған және тағы 1 іс бойынша қылмыстық іс тоқтатылған. Коалицияның байқауынша, көпшілік жағдайларда азаптаулар туралы қылмыстық істің қозғалуы үшін салмақты қоғамдық қолдау қажет.

Азаптаулар туралы хабарларды тергеудегі проблемаларды Коалиция тергеудің қазіргі кездегі тетігінің жеткілікті тиімділігінің жоқтығымен, тергеудің тиісті түрде жүргізілмеуінен көрініс табатын, яғни, қолда бар тәсілдер мен құралдарды пайдаланып жедел өткізілмейтін, тергеу және бақылау органдарының



Өкінішке орай, азаптаулар туралы тергеп-тексеру көп жағдайларда баяғы қалпы жедел, мұқият әрі тәуелсіз орган тарапынан жүргізілмейді.

Мысалы, Қостанай облысы Әуликөл ауданындағы Құсмұрын ауылының тұрғыны 52 жасар Александр АЛЬБРАНДТТЫҢ ісінде полицияның азаптауы туралы тергеу жүргізіліп жатқалы, міне, 9 айдан асты.

2014 ж. тамыз айында үйіне бара жатқанда А. Альбрандт полиция қызметкерлерімен ұсталып, поселкелік полиция бөлімшесіне жеткізілген. Оның айтуынша, қарсыластық көрсетпесе де, оған қолкісен салынған. Одан әрі полицейлер оны кабинетке кіргізіп, ұра бастаған. Полицейлер оны мұқатып, оған тіл тигізген. Кейінірек Александр Артуровичті қолкісенді шешпестен автомобильге отырғызып, алкоголь қолданған-қолданбағанын тексеру үшін ауруханаға алып келген. Ол медицина қызметкеріне жарылған басын, гематомалар мен жараларын көрсетіп, полициядағы соққы туралы шағымданған. Бұл шағымы үшін полицейлер оны аурухана табалдырығында тағы соққыға алған. Машинаның қасында полицейлердің біреуі Александрды мойнынан ұстап алып, қылғындыра бастаған, оның демі тарылғанда, полицей оны итеріп қалып жерге құлатып, мойнын тізесімен басқан, ал екінші полицей арызданушының бетіне әлдебір қоспаны бүрке бастаған, одан Альбрандт тұншыға бастаған. Полицейлер оны машинаға итеріп отырғызып, қала сыртына алып барып өлтіреміз деп айтқан. Александр Артурович олардың сөзіне сеніп қорқып, жүріп бара жатқан машинадан секіріп шықпақ болған. Алайда, қашып құтыла алмаған – машина бірден тоқтап, оны далаға сүйреп шығарып, ішінен, кеудесінен, бетінен тепкіге алған. Альбрандт есінен танып қалған. Есін жиса, уақытша ұстау изоляторында екен. Ертеңгісін дәрігер шақыртуды сұрайды. Тағы да шағым жасағысы келеді, алайда, бұл ойы іске аспайды. Түстен кейін Александрдың жағдайы тіпті нашарлады: басы айналып, мұрнынан қан кетті. 2014 ж. 28 тамызда Альбрандт «бас миының шайқалуы, соғылғаннан көгерген жерлер, бастың шашты бөлігінде жаралар» диагнозымен Әуликөл ОАА-ға жіберілген.

Бастапқыда бұл іс тергеу үшін Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасына беріліп, бірнеше мәрте тоқтатылып, тергеудің мұқияттылығымен ерекшеленбеді. Бүгінгі күні, құқық қорғаушылар мен адвокаттардың қайта-қайта берілген шағымдарынан кейін, іс тергеу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке берілді.

² Қазақстандағы азаптау жағдайлары мен кінәлілерді жазалау. Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясының зерттеуі. «Ашық қоғам» институтының Ашық қоғамның құқықтық бастамасының «Қазақстан Республикасында азаптауды қолдану тәжірибесін талдау» жобасының шеңберінде, 2014: <http://www.bureau.kz/news/download/449.pdf> (орыс тілінде).

күдіктілердің, айыпталушылардың немесе жабық үлгідегі мекемелерде ұсталатын тұлғалардың шағымдарына біржақты қарауымен байланыстырып отыр.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің жаңа редакциясы азаптау туралы істерді алдын ала тергеуді полиция органдары да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет те жүргізе алатынын көздейді. Сонымен бір уақытта, Коалицияның байқауынша, бүгінгі таңда азаптаулар туралы істердің көп бөлігі Арнайы прокурорлар басқармасымен тергеліп отыр. Коалиция істердің бұл санатын тергеуді прокуратура органдарына беруді құптай отырып, азаптау туралы істер прокуратураның айрықша тергеуінде болуы тиіс екендігін атап көрсетеді. Коалиция арнайы прокурорлар институтын әсіресе есеп беру және ашықтық тұрғысынан дамытудың қажеттілігін атап өтеді. Осы ұсынымдарды жүзеге асыру бойынша ұсыныс ретінде Коалиция, мысалы, арнайы прокурорлардың ҚР Парламентіне жыл сайын азаптауларға болысатын себептер мен жағдайлардың талдауымен бірге атқарылған жұмыс бойынша есеп беру міндеттемесін енгізуді ҰСЫНАДЫ. Істерді тергеп-тексеру нәтижелері туралы ақпарат, өзгелердің ішінде, Бас прокуратураның веб-сайтында, баспасөз мәлімдемелері мен жарияланымдар арқылы жалпы жұртқа қолжетімді болуға тиіс. Тергеу тетігін жетілдіруде ұлттық құқық қорғау институттарының өкілдері мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуы бұл институттың нығайтып, дамуына жәрдемдеседі.

Расим БАЙРАМОВТЫҢ ісі бойынша БҰҰ комитеті шығарған шешімнен кейін Қостанай облысы Арнайы прокурорлар басқармасымен «Азаптау» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. 2014 ж. желтоқсан айында тергеу «қылмыс нышандары құрамының жоқтығы...» себепті тоқтатылып, алайда, 2015 ж. наурызда Бас прокуратураның нұсқауымен қайта басталып, қазіргі уақытта жалғастырылып жатыр. Коалиция тергеудің созылып бара жатқанына және жеделдік пен мұқияттылық критерийлеріне жауап бермейтініне, сондай-ақ, жәбірленушінің қайта виктимизацияға ұшырауына қатысты алаңдаушылық білдіреді.



Азаптаулардан қорғау кепілдіктері

Қазақстанда азаптау немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер көбінесе кінәны мойынға алу туралы немесе өзге жауаптар алу мақсатында қолданылады және, әдетте, қылмыстық-процестік заңнаманың қорғау шектерінен тыс, яғни, хаттама толтыру жолымен ұстау фактісінің ресми қуатталуына және ұсталғанның қылмыстық процестің қатысушысы, яғни, күдікті болып танылуына дейін немесе одан тыс орын алады. Осылайша ұсталған тұлғалар қылмыстық процесс қатысушыларында болатын және, өзгелермен қатар, азаптаудан қорғау кепілдігін сақтауды қамтамасыз етуге арналған процесстік құқықтар болмайды. Оларға құқықтары туралы ақпарат берілмейді, соның нәтижесінде олардың ұсталғаны туралы хаттама жасалмайынша олар өздерінің жақындарына ұсталғандары туралы хабарлай алмайды, қорғаушыны шақыра алмайды, полиция учаскесіне жеткізілген кезде дене жарақаттарының бар-жоқтығы туралы дәрігерге қарала алмайды.

Көбіне-көп азаптау ішкі істер органдарының қызметкерлерімен кінәны мойынға алу туралы жауап алу мақсатында қолданылады. Әдетте, азаптау ресми түрде қамауда ұстауға арналмаған үй-жайларда немесе жерлерде куәгерлерсіз қолданылады.

Мемлекет тарапынан кепілдендірілген тегін заңгерлік көмектің аясындағы тергеушілер шақырған адвокаттар өздерінің қорғауындағылардың мүдделерінде емес, тергеуге жәрдемдесіп әрекет етеді.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің (ҚР ҚПК) жаңа редакциясы ұсталған кезде адамға келесілердің ауызша түсіндірілу қажеттігін кепілдендіреді: ұстаудың себептері, қорғаушыны шақыру құқығы, үнсіздік сақтау құқығы мен ол айтқанның барлығы сотта оған қарсы пайдаланыла алатыны. Ұсталған тұлға, сондай-ақ, тиісті өтініш беріп оның денсаулығының жалпы жағдайын және дене жарақаттарының бар-жоқтығын анықтау үшін дәрігер тарапынан куәландырылуға құқылы. ҚР ҚПК алдын ала тергеу жүргізіп отырған тұлға күдікті тұлғаның ұсталғаны және оның қайда екендігі туралы ұсталғанның кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біреуіне, ал ондайлар жоқ болса, басқа туысқандарына немесе жақын адамдарына кідіртпестен хабарлауға немесе ондай хабарлама беру мүмкіндігін ұсталғанның өзіне беруге міндетті екендігін кепілдендіреді. Алайда, Коалиция мүшелерінің мониторингтері көрсетіп отырғандай, мұның бәрінің іс жүзінде жұмыс істеуі өте сирек.

Азаптаулардан қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан Коалиция ҚПК көздейтін азаптаудан қорғау кепілдіктерін кез келген нысанда ұсталатын тұлғалардың барлығына қолдануды; іс жүзінде ұстау мезетінің міндетті бейнетіркелуін көздеуді ҰСЫНАДЫ.



КОАЛИЦИЯНЫҢ 2015-2016 жж. АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫ

Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы елдегі жоғарыда сипатталған азаптаулар жағдайын ескере отырып, өзі үшін 2015-2016 жылдары ілгерілету үшін 4 стратегиялық бағытты айқындады:

I. Бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген тұлғаларды дәрігерлік тексерудің бірыңғай актісін жасап, енгізу.

II. Ұстау және жеткізілгендерді тасымалдау мезетінің міндетті бейнетіркелуін енгізу.

III. Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясына келіп түсетін азаптаулар туралы хабарлар бойынша Арнайы прокурорлар басқармасының қызметін қарқындату.

IV. Бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген тұлғалардың ҰАТ-қа жіберілген жазбаша арыздарының, шағымдарының, ұсыныстарының заңнамамен көзделген цензурасын жою. Бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген тұлғаларды тексеру (ЖНТ).

Коалиция мемлекеттің әрбір адамның азаптаудан азат болу құқығын сақтауының жағдайын бақылауды; азаптауға абсолютті төзбеушілік қағидасын сақтауға жауапты мемлекеттік органдармен өзара әрекет жасауды; Ұлттық алдын алу тетігінің тиімділігін қадағалауды; жұртшылықты біздің еліміздегі азаптаудан азат болу құқығының жағдайы туралы хабардар етіп тұруды жалғастырады.

Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясына мүше ұйымдар мен сарапшылардың тізімі:

Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы; MediaNet халықаралық журналистика орталығы; «Адам құқықтары үшін хартия» қоғамдық қоры; «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» қоғамдық қоры; «Феникс» даму және бейімдеу орталығы, Өскемен қ.; «Аман-саулық» қоғамдық қоры; «Феминистік Лига» қоғамдық бірлестігі; Қазақстанның Балалар Қоры; «Халықаралық Құқықтық Бастама» қоғамдық қоры; «Талдықорған құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігі; «Қазақстандағы дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігі; «Ару Ана» қоғамдық бірлестігі, Ақтөбе қ.; Республикалық «Витязь» құқықтық ақпарат және журналистік зерттеулер агенттігі, Өскемен қ.; «Талдықорған аймақтық демократияға жәрдемдесу орталығы» қоғамдық бірлестігі, Талдықорған қ.; Рамазанова Лейла, Алматы қалалық Адвокаттар коллегиясының Адвокаты; «Адвокат» мамандандырылған заңгер кеңестері; «Сана Сезім» Әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі; Татьяна Чернобил, Тәуелсіз сарапшы; Гаухар Сәлімбаева, Тәуелсіз сарапшы; «Есірткісіз дәрігерлер» қоғамдық қоры, Павлодар қ.; «Әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Петропавл қ.; «Жастар мәселелері орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі, Қызылорда қ.; «Центр Медиа Сервис» қоғамдық бірлестігі (Оңтүстік Қазақстан облысы журналистерінің қоғамдық бірлестігі); Тұрғұнова Гүлнара Қаимқызы, дәрігер, Шымкент қ.; «Сенімді тірек» қоғамдық қоры, Шымкент қ.; ЖИТС қызмет көрсету ұйымдарының Ұлттық Қауымдастығы (ЖҚҚҰҰҚ), Шымкент қ.; Социологиялық ресурс орталығы, Шымкент қ.; «Үміт сәулесі» туберкулезбен күрес және адам құқығын қорғау қоғамдық қоры, Көкшетау қ.; «Прометей» қоғамдық қоры, Көкшетау қ.; Новиков Сергей Владимирович, тәуелсіз заңгер; Жанаргүл Сүндетқалиева, Атырау қ. адвокаты; Снежанна Ким, Қостанай облыстық адвокаттар коллегиясының адвокаты; «Қылмыстық реформа және адам құқықтарын мониторингілеу комитеті» қоғамдық бірлестігі, Павлодар қ.; «Оставим народу жилье-Павлодарский регион» қоғамдық бірлестігі; «Ұлағатты жанұя» қоғамдық қоры; «Равный равному» қоғамдық қоры.